

«Жазу және оқу дағдыларының механизмдері және олардың бұзылыстары. Санау операцияларының қиындықтары» атты бастауыш сынып мұғалімдерінің және арнайы педагогтарының БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ
КУРСЫНЫҢ (80 сағаттық) БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Жалпы ережелер

«Жазу және оқу дағдыларының механизмдері және олардың бұзылыстары. Санау операцияларының қиындықтары» атты педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарында бастауыш сынып мұғалімдері мен арнайы педагогтарына арналған.

1. Бағдарлама білім берудің мемлекеттік стратегияларына сәйкес жаңаша оқытудың сұранысын өтеуге қызмет атқарады. Оқу бағдарламаларын меңгерудегі оқушыларда кездесетін қиындықтарды жоюға немесе алдын алуға бағытталған жаңаша әдіс тәсілдері мен дәстүрлі тәсілдерді талқылауға жетелейді. Оқу бағдарламаларды меңгерудегі қиындықтардың (оқу, жазу, санау) себептерін анықтаудағы терең диагностикалық тәсілдер мен анықтамалардың қазіргі арнайы білім саласындағы өзгерістеге байланысты жіктелу моделі көрсетіледі. Оқытуда қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер, жаңа технологиялар ұсынылады. Бағдарлама нәтижеге бағдарланған білім беруді жүзеге асырады

2. Жалпы білім беру мектептерінің бастауыш сынып мұғалімдердің, арнайы педагогтардың бастауыш сынып оқушыларында жазуында және оқуында кездесетін бұзылыстары, түрлері және оларды алдың – алу мен түзету жолдары туралы білімдерін кеңейту, ақпарат беру, педагогтардың кәсіби күзiреттiлiктерiн жетiлдiру болып табылады.

3. Курстық оқыту онлайн сабақтар мен офлайн жаттығуларын қамтиды. Бағдарлама нәтижеге бағдарланған білім беруді жүзеге асырады.

2. Глоссарий

Курстың глоссарийі төмендегі негізгі ұғымдарды қамтиды:

1) Ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) – тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар).

2) Білім алу үшін арнаулы жағдайлар – ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ арнаулы, жеке дамыту мен түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік

ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар;

3) Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау.

4) Онтогенез (гр.т.ontos, ontos – болмыс, тіршілік) - тіршіліктің пайда болукезінен аяқталуына дейінгі өзінің өзгеріске ұшырауын қамтитын организмнің дербес дамуы.

5) Дисграфия - жазудың қабілетінің жартылай бұзылуы.

6) Аграфия (гр.т.grapho – жазу) – сөйлеу қабілетінің түрлі кемшіліктеріне байланысты жазу қабілетінің бұзылуы. Алексия (грек тілінен leis-оқу)- бас миының зақымдалу салдарынан оқу қабілетінің жойылуы. Ол жазу қабілетінің жойылуымен (аграфиямен) және сөйлеу тілінің бұзылуымен тығыз байланысты.

7) Дислексия - оқу процесінің жартылай бұзылуы.

8) Дизорфография - қажетті ережелерді білуіне қарамастан, орфографиялық дағдылары қалыптасып, меңгере алмаудың салдарынан жазуда байқалатын тұрақты, ерекше қателердің түрлері.

9) ЖСТД (жалпы сөйлеу тіл дамымауы). Есту қабілеті мен ой-өрісі әдеттегідей дамыған балалардың дыбыстық, мағыналық жағына қатысты 494 сөйлеу тілі құрамының компоненттерінің бұзылуынан болатын әртүрлі күрделі тіл кемістіктері.

10) ФФЖ (фонетикалық-фонематикалық жетіспеушілік). Фонемді қабылдау және айтуындағы ақаулықтардың салдарынан әр түрлі тіл кемістіктері бар балалардың ана тілінде сөйлеу жүйесінің бұзылуы. Есту қабілеті және ойлау қабілеті сақталған.

11) Брока орталығы – сөйлеу тілінің моторлық жағын ұйымдастыруын қамтамасыз ететін, бас миының сол жақ жартысында орналасқан бөлігі.

12) Вернике орталығы – ми қыртысындағы сөзді қабылдау орталығы.

3. Бағдарлама тақырыбы

Модульдер	Тақырыптар
1.«Бастауыш сынып оқушыларында кездесетін жазу мен оқу дағдыларының қалыптасу механизмдері мен операцияларының кезектілігі» атты модульде:	1.1 Жазу және оқу дағдыларының қалыптасу механизмдері мен операцияларының кезектілігі.
	1.2 Оқу қиындықтарының пайда болу себептері, салдары.
2. «Жазуында бұзылыстары немесе қиындықтары бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұны» атты модульде:	2.1 Жазу бұзылыстары мен қиындықтарының түрлері (тілдік талдау мен жинақтау бұзылыстарынан туындаған жазудың бұзылысы, жазудың аграмматикалық бұзылысы, дизорфографиялық т.б).

	2.2.Бастауыш сынып оқушыларында жазу бұзылыстарын анықтау.
	2.3 Жазу бұзылысы бар балалармен жүргізілетін түзете-дамытушылық жұмыстың мазмұны.
3. «Оқуында бұзылыстары мен қиындықтары бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұны:» атты модульде:	3.1 Оқу бұзылыстары мен қиындықтарының түрлері (оптикалық, мнестикалық, фонематикалық, моторлы (динамикалық), семантикалық, аграмматикалық, тактильді т.б).
	3.2 Бастауыш сынып оқушыларында оқу қиындықтары мен бұзылыстарын анықтау.
	3.3 Оқу бұзылыс бар балалармен жүргізілетін түзете-дамытушылық жұмыстың мазмұны
4.«Дискалькулиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұны:» атты модульде:	4.1 Дискалькулия түсінігі, мазмұны. Қарапайым математикалық түсініктер мен амалдарды меңгеру үрдісінің психологиялық құрылымы. Есептеу операцияларын тиімді меңгерудің сөйлеу тілдік және когнитивті алғышарттары.
	4.2 Есептеу операцияларын меңгерудің бұзылыстары (дискалькулия). Дискалькулияны түзету мен алдын алу. Дискалькулия және гнозис (уақыттық, кеңістіктік, сандық т.б) .
	4.3 Дискалькулия кезінде балалардың математикалық логикалық ойлау операцияларының сабақтастығын қалыптастыру жұмыстары (салыстыру, жинақтау, топтастыру т.б).
5. Вариативтік модуль	

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

Бағдарламаның мақсаты – бастауыш сынып оқушыларында кездесетін жазу мен оқу бұзылыстары мен қиындықтарының себептері, түрлері және қалыптасу механизмдері мен түзете -дамыту жұмыстары бойынша жалпы

білім беру мектептерінің бастауыш сынып мұғалімдерінің және арнайы педагогтарының кәсіби біліктілігін дамыту

Бағдарламаның міндеттері:

- жазу мен оқу операцияларының қалыптасу кезеңдері мен олардың бұзылыстарының пайда болу себептері, салдары туралы түсініктерін кеңейту, ақпарат беру.

- жазуы мен оқуында бұзылыстары немесе қиындықтары бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұнымен таныстыру, білімдерін кеңейту;

- оқу бағдарламаларын меңгерудегі қиындықтарды түзетуде қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдерді көрсету;

- Дискалькулиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұнымен таныстыру, теориялық және практикалық білімдерін кеңейту.

Күтілетін оқу нәтижелері

Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар төмендегідей нәтижелерге қол жеткізеді:

- Бастауыш сынып оқушыларында кездесетін оқу және жазу бұзылыстары мен қиындықтарының пайда болу себептері, салдары туралы түсініктері пайда болады, білімдері кеңейеді;

- Жазуында бұзылыстары немесе қиындықтары бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұнымен танысып, білімдерін кеңейеді;

- Оқуында бұзылыстары мен қиындықтары бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұнымен танысып, білімдерін кеңейеді;

- Дискалькулиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұнымен танысып, теориялық және практикалық білімдері кеңейеді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама 5 модульден тұрады:

1) Бастауыш сынып оқушыларында кездесетін жазу мен оқу дағдыларының қалыптасу механизмдері мен операцияларының кезектілігі.

2) Жазуында бұзылыстары немесе қиындықтары бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұны;

3) Оқуында бұзылыстары мен қиындықтары бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұны;

4) Дискалькулиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұны.

5) Вариативтік.

Вариативтік бөлім кіріс сауалнамасының нәтижесі бойынша курс тыңдаушылардың сұранысымен құрастырылады. Бақылау сұрақтары 1-4 модульдердің теориялық материалдарын игеру нәтижелері бойынша жүргізіледі:

1 – бөлім. «Бастауыш сынып оқушыларында кездесетін жазу мен оқу дағдыларының қалыптасу механизмдері мен операцияларының кезектілігі» атты модульде:

Жазу және оқу дағдыларының қалыптасу механизмдері мен операцияларының кезектілігі. Оқу қиындықтарының пайда болу себептері, салдары.

2- бөлім. «Жазуында бұзылыстары немесе қиындықтары бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұны» атты модульде:

Жазу бұзылыстары мен қиындықтарының түрлері (тілдік талдау мен жинақтау бұзылыстарынан туындаған жазудың бұзылысы, жазудың аграмматикалық бұзылысы, дизорфографиялық т.б). Бастауыш сынып оқушыларында жазу бұзылыстарын анықтау. Жазу бұзылысы бар балалармен жүргізілетін түзетедамытушылық жұмыстың мазмұны.

3- бөлім. «Оқуында бұзылыстары мен қиындықтары бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұны:» атты модульде:

Оқу бұзылыстары мен қиындықтарының түрлері (оптикалық, мнестикалық, фонематикалық, моторлы (динамикалық), семантикалық, аграмматикалық, тактильді т.б). Бастауыш сынып оқушыларында оқу қиындықтары мен бұзылыстарын анықтау. Оқу бұзылысы бар балалармен жүргізілетін түзетедамытушылық жұмыстың мазмұны.

4- бөлім «Дискалькулиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұны:» атты модульде:

Дискалькулия түсінігі, мазмұны. Қарапайым математикалық түсініктер мен амалдарды меңгеру үрдісінің психологиялық құрылымы. Есептеу операцияларын тиімді меңгерудің сөйлеу тілдік және когнитивті алғышарттары. Есептеу операцияларын меңгерудің бұзылыстары (дискалькулия). Дискалькулияны түзету мен алдын алу. Дискалькулия және гнозис (уақыттық, кеңістіктік, сандық т.б) . Дискалькулия кезінде балалардың математикалық логикалық ойлау операцияларының сабақтастығын қалыптастыру жұмыстары (салыстыру, жинақтау, топтастыру т.б).

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Курстар келесі режимде ұйымдасырылады:

Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі-ОТЖ) бойынша курс күндізгі (қашықтықтан) оқыту режимінде ұйымдастырылады. Оқу курсының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды;

Білім беру үдерісі біліктілікті арттырудың әрекеттік сипатын қамтамасыз ететін оқыту нысандары мен әдістерін қамтиды: дәріс-вебинар, таңдау бойынша дәрістер, практикалық жұмыс, өзіндік жұмыс.

Білім беру процесі оқытудың интерактивті формалары мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, топтар мен жұптардағы практикалық жұмыс, мастер-класс, кейс әдісі, сұрақтарды бірлесіп шешу, сонымен қатар аралас оқыту режимінде курсқа арналған вебинар, онлайн дәріс және тыңдаушының өзін-өзі оқытуы.

Мұғалімдердің бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін арттыру үшін: топтарда жұмысты кеңінен қолдану, содан кейін талқылау және рефлексия; шағын топтардағы теория мен практиканың негізгі мәселелерін талқылау, қарастырылған.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

- 1) біліктілікті арттыру курстарының бағдарламасы;
- 2) көрсетілімдер, үлестірме материалдар;
- 3) кейстердің үлгілері;
- 4) сауалнама парақтары, оқу материалдары;
- 5) тест тапсырмалары;
- 6) кері байланыс сауалнамалары.

Қашықтан оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

(80 сағат)

№	Сабақтың тақырыптары	Деріс - вебинар	Тәжірибелік жұмыс	Бақылау түрі	Барлығы
1	2	3	4	6	7
I.	БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ЖАЗУ МЕН ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ МЕХАНИЗМДЕРІ МЕН ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ КЕЗЕКТІЛІГІ	4	1		8
1.	Жазу және оқу дағдыларының қалыптасу 1 механизмдері мен операцияларының кезектілігі.	2			4
1. 2	Оқу қиындықтарының пайда болу себептері, салдары.	2			4
II	ЖАЗУЫНДА БҰЗЫЛЫСТАРЫ НЕМЕСЕ ҚИЫНДЫҚТАРЫ БАР БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫМЕН ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ	4	2		6

2.1	Жазу бұзылыстары мен қиындықтарының түрлері (тілдік талдау мен жинақтау бұзылыстарынан туындаған жазудың бұзылысы, жазудың аграмматикалық бұзылысы, дизорфографиялық т.б).	2		2
2.2	Бастауыш сынып оқушыларында жазу бұзылыстарын анықтау.	1	1	2
2.3	Жазу бұзылысы бар балалармен жүргізілетін түзете-дамытушылық жұмыстың мазмұны.	1	1	2
III	ОҚУЫНДА БҰЗЫЛЫСТАРЫ МЕН ҚИЫНДЫҚТАРЫ БАР БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫМЕН ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ	9	8	26
3.1	Оқу бұзылыстары мен қиындықтарының түрлері (оптикалық, мнестикалық, фонематикалық, моторлы (динамикалық), семантикалық, аграмматикалық, тактильді т.б).	3	4	8
3.2	Бастауыш сынып оқушыларында оқу қиындықтары мен бұзылыстарын анықтау.	3	2	9
3.3	Оқу бұзылысы бар балалармен жүргізілетін түзете-дамытушылық жұмыстың мазмұны	3	2	9
IV	Дискалькулиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұны	14	9	23
4.1	ДИСКАЛЬКУЛИЯ ТҮСІНІГІ, МАЗМҰНЫ. ҚАРАПАЙЫМ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕР МЕН АМАЛДАРДЫ МЕНГЕРУ ҮРДІСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ. ЕСЕПТЕУ ОПЕРАЦИЯЛАРЫН ТИІМДІ МЕНГЕРУДІҢ СӨЙЛЕУ ТІЛДІК ЖӘНЕ КОГНИТИВТІ АЛҒЫШАРТТАРЫ.	4	3	9
4.2	Есептеу операцияларын меңгерудің бұзылыстары (дискалькулия). Дискалькулияны түзету мен алдын алу. Дискалькулия және гнозис (уақыттық, кеңістіктік, сандық т.б) .	4	3	7

4.3	Дискалькулия кезінде балалардың математикалық логикалық ойлау операцияларының сабақтастығын қалыптастыру жұмыстары (салыстыру, жинақтау, топтастыру т.б).	6	3		7
V	Вариативтік модуль	3	3	1	9
	БАРЛЫҒЫ:	26	43	1	80

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут (педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы).

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін Бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалаудың критерийлері мен параметрлерін әзірлеп, курстың ОӘК–не енгізеді және мұғалімдердің білімін бақылау мен бағалау нысанын оқытушының таңдауы бойынша өзгертуге болады.

1) Бақылау сұрақтары 1-4 модульдердің теориялық материалдарын игеру нәтижелері бойынша жүргізіледі:

№	Модульдердің тақырыптары	Сағат саны	Сұрақтар /балл саны
1	БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ЖАЗУ МЕН ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ МЕХАНИЗМДЕРІ МЕН ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ КЕЗЕКТІЛІГІ	15	5
2	ЖАЗУЫНДА БҰЗЫЛЫСТАРЫ НЕМЕСЕ ҚИЫНДЫҚТАРЫ БАР БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫМЕН ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ	14	8
3	ОҚУЫНДА БҰЗЫЛЫСТАРЫ МЕН ҚИЫНДЫҚТАРЫ БАР БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫМЕН ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ	16	7

4	ДИСКАЛЬКУЛИЯ ТҮСІНІГІ, МАЗМҰНЫ. ҚАРАПАЙЫМ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕР МЕН АМАЛДАРДЫ МЕНҒЕРУ ҮРДСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ. ЕСЕПТЕУ ОПЕРАЦИЯЛАРЫН ТИІМДІ МЕНҒЕРУДІҢ СӨЙЛЕУ ТІЛДІК ЖӘНЕ КОГНИТИВТІ АЛҒЫШАРТТАРЫ.	12	6
5	Вариативтік модуль	15	4
	БАРЛЫҒЫ:		30

9. Курстан кейінгі қолдау

Тыңдаушылармен байланыс орнату құралдары:

- Онлайн конференция Zoom-мен кездесу өткізу, Facebook, Instagram әлеуметтік желіде вебинарлар өткізіп, ақпараттармен бөлісу, Whatsapp желісінде кері байланыс орнату.

2. Ресурстық қамтамасыз ету:

- оқулықтар мен оқу құралдары, ғылыми монографиялардың сілтемесі Педагогтің қатысуымен өткізетін тәжірибелік семинар, онлайн семинар, вебинар, шеберлік сағаттары, пікірталас алаңдарын өткізу іс-шараларын жоспарлау.

Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. Қ. Қ. Өмірбекова, Г. С. Оразаева, Г. Н. Төлебиева, Г. Б. Ибатова ЛОГОПЕДИЯ. оқулық. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен. Алматы, 2011
2. Өмірбекова Қ.Қ. Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы және түзету жолдары: Оқу құралы. – Алматы, Абай ат. ҚазҰПУ, 2010 – 115 б
3. Ибатова, Г.Б., Оразаева, Г.С. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру жағдайында логопедиялық жұмыстың ұйымдастырылуы және мазмұны: Оқу құралы. - Алматы: Абай атындағы Қаз ҰПУ, 2014. - 58б
4. Величенкова О.А., Русецкая М.Н. В27 Логопедическая работа по преодолению нарушений чтения и письма у младших школьников. — М.: Национальный книжный центр, 2015.
5. Дисграфия, дислексия : технология преодоления: пособие для логопедов, учителей, психологов, студентов педагогических специальностей/И.Н. Садовникова. — М. : ПАРАДИГМА, 2011. — 279 с.

6. Баряева Л. Дискалькулия у детей: профилактика и коррекция нарушений в овладении счетной деятельностью / Л. Баряева, С. Кондратьева. – МЦНИП, 2013 – 185 с.
7. Лалаева Р.И. Дискалькулии у детей / Р.И. Лалаева, А. Гермаковска // Дети с проблемами в развитии. – 2004 – №2. – С. 7–9.
8. Лалаева Р.И. Нарушения в овладении математикой (дискалькулии) у младших школьников. Диагностика, профилактика и коррекция: Учебно-методическое пособие / Р.И. Лалаева, А. Гермаковска. – СПб.: Союз, 2005 – 176 с.